

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81724/>

Қазіргі таңда оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алады. Бұл ретте мұғалімнің терең біліктілігі шыңдалуы маңызды болып табылады. Біліктілік – бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік деуге болады.

ҚР ғылым мен білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымдықтары өз кезегінде білім беру саласында дамыған елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтар жүйесімен барабар. Дамыған елдер қатарына енуде туындайтын мәселелердің бірі — бүгінде сабақ барысында бағалау жүйесінің ұтымды пайдаланылмауы. Осы мәселенің шешімін табуда жаңартылған білім беру мазмұны негізіндегі Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының маңызы зор болып отыр. Жаңартылған білім беру мазмұнының өзектілігі ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары және міндеттерімен үйлеседі .

Бағалау — одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылады. Қалыптастырушы бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

П.Блэк, Д.Уильям оқытуды жақсартуда бес негізгі компоненттерді белгілейді: оқушылармен тиімді кері байланыс орнатуды қамтамасыз ету; оқушылардың өзіндік білім алу үдерісіне белсенді қатысуы; бағалау нәтижелерін ескере отыра оқу үдерісін түзету; білім алуға маңызды әсер ететін ынта мен өзін-өзі құрметтеуге деген бағалаудың әсерін түсіну; оқушылардың өз білім деңгейін өздігінен бағалай алу біліктілігі.

Қалыптастырушы бағалаудың құрылымындағы скаффолдинг педагогтердің оқу үдерісі

барысындағы оқушылар үшін «жақын арадағы даму аймағына» жылжу мақсатындағы қолдауын сипаттайды. Бұл тұста педагогтер оқу үшін қажетті ұсынымдарды бере отыра, оқушылардың оқудағы кедергілерін өздігінен жоюға және күрделі түсініктерді игеруіне көмектеседі. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың тиімділік дәрежесін анықтау үшін скаффолдинг арқылы жүзеге асырылады. Әрине, осыған сәйкес оқыту әдістемесіне қажетті түзетулер жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда келесі ұстанымдардың өзіндік орны ерекше:

Маңыздылық. Оқушылардың білім мен әрекеттерінің аса маңызды нәтижелеріне шоғырлануы.

Барабарлық. Оқыту мақсаттары мен нәтижелеріне білім, білік, дағды, құндылық, құзыреттіліктердің сәйкестігін қадағалау.

Объективтілік және әділдік. Бағалаудың нақты критерийлерін құрастыру. Критерийлер баға мен бағалауды оқушыға қысым көрсету құралы ретіндегі қауіптің алдын алады.

Ашықтық. Тапсырманы орындау алдында критерийлер мен бағалау тәсілдерін алдын ала хабарлау. Оқушылар критерийлерді құруға қатыса алады.

Қолжетімділік. Оқу үдерісіне қатысушыларға бағалау үдерісінің, әдістері мен түрлерінің анық болуы.

Жүйелілік. Бағалауды жүйелі және дәйекті түрде жүзеге асыру.

Мейірімділік. Оқушылардың дамуына бағытталған серіктестік қарым-қатынас орнату үшін жағдай жасау.

Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылардың оқу білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, әрбір оқушының оқудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі жеткен табыстарын жан-жақты және әділ бағалауы тиіс. Бағалау барысында оқушыларға жетістік нәтижелерінің критерийлерін ұсыну, оқудың мақсатына оқушының көңілін аудару, өзі оқып ізденіп, қалай жұмыс жасау керектігін үйрету, өзіндік бағалауға дағдыландыру, оқушылардың жұмыс сапасын үнемі айтып отыру және ата-аналарға оқушылардың жеткен жетістіктерін көрсетіп отырған абзал. Сонымен қатар оқушының үйрену мақсаттарын, табыс критерийлерін, нені үйрену қажеттіліктерін ескеру қажет. Оқушыларға өзіне «мен нені іздеудемін?», «не іздегенімді?», «нені үйренгенімді?» «қайдан білемін?» деген сұрақтарды өзіне үнемі қойып отыруға дағдыландыру мұғалімнің құзырында болып табылады.

Бағалауда оқушының оқуындағы олқылықтарды жақсарту жолдарын, қандай тақырыпты меңгермей қалды немесе қандай тапсырманы орындау жолын түсінбегенін әр тапсырма сайын ескеріп отырған жағдайда біз оқушылардың сабақ барысында табысқа жеткен, жетпегендігін көре аламыз.

Жалпы оқу жүйесінде не бағаланады, қандай білім бағаланады, қандай тәсілдер арқылы, не үшін бағалайтындығымызды үнемі назардан шығармауымыз керек.

Мұғалімдер оқытудың мақсаты оқушы нені білуі керек?, оқушы не істеуі керек?, оқушы

нені түсінуі керек?, нені қолданатыны жайында білудің маңыздылығын өзара талқылау барысында белгілей алады. Баланың білімі әділ бағалануы үшін критерий құру арқылы бағалау жүргізудің тиімділігін, критерийдің балаға әсерін, критерий кезінде бала ізденетінін, талпынатынын және мұғалімнің бойында ұстамдылықтың болуын өз сабақтарымда өзекті мәселелердің бірі деуге болады.

Сабақта мұғалімдер өз көзқарастарын дәлелдерін, өзара пікір алмаса отырып, бір-бірінің жұмыстарын формативті бағалау арқылы оқушының білімін әрі қарай дамыту жолдарын, бағалау модулін кері байланыс әдісінің бір тармағы деп қарап келеді. Қалыптастырушы бағалауда мұғалімнің кәсіби біліктілігі жоғары болуы шарт.

Мұғалім оқушыны бағалаудың қалыптастырушы әдісін тиімді қолдану барысында алдағы жұмыстарды жақсарту үшін мақсатты анықтау бұдан әрі, жетістік критерийлерін толық жеткізілмеген жұмыс бөлігінің жанына жұлдызша қоюына немесе жұмыстың жетілдіру жолдарын ауызша жеткізуге де болады. Қалыптастырушы бағалау — оқу үдерісіне өзгеріс енгізу мақсатында оқушылардың алға ілгерілеуін бағалау деп қарастыру керек. Оқушыларға өз жұмысын әрі қарай жетілдіруге бағыт беру және бақылау жасау мұғалімнің назарында болуы тиіс. Ал, табыс критерийлері мұғалімдердің оқушыларға нені оқығандарын нақты тұжырымдауға көмектесу үшін пайдаланатын және оқушылармен олардың жұмысы туралы диалогқа және өзара іс-қимылға негіз бола алады. Оқушылармен тиімді кері байланыс қамтамасыз етілген жағдайда, оның алған білімін анықтай аламыз. у.

Кері байланыс оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады. Мұғалім оқушы дұрыс жауап беру үшін оған уақыт беру керек. Егерде бала қателессе, жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі дұрыс жауап табуға бағыттайды. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және де ол мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнатады. Кері байланыс үдерісінде оқушылардың жауабын мадақтау және жеке мақсатты көрсеткіштерді белгілеуді көздейтін бағалаудың бірі. Яғни, оқушыларды өздерінің жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойландырып, оларды келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталандыру және оқушылардың үйренгенін үнемі жинақтап отырып оқушылардың алға жылжуларын қадағалап отыру мұғалімнің міндеті болып табылады.

Сөйтіп, мұғалім әр оқушының нені біліп, нені ойлап, қалай оқитыны туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым оқушылардың жетістіктерін арттыру мен өзінің оқытуын жетілдіруге мүмкіндігі көп. Өзінің оқушының мақсаты мен жетістікке қалай жетуін білу үшін оқушылар өз өзін бағалауды үйрену керек. Ол үшін өз өзін бағалау және бірін бірі бағалау парақтарын, өз ойын пайымдайтын сұрақтар беруге болады.

Бүгінгі таңда оқушылардың ынтасын арттыра отырып қалыптастырушы бағалауды оқушылардың өздеріне мүмкіндік беру арқылы оқу үдерісін тиімді ету мұғалімнің жұмысын жеңілдетуде. Сонымен қатар мұғалімдер оқушылардың өсіп жетілуін және білім алуын үнемі бақылап отырады және оқуында туындайтын проблемаларды анықтауға және қарастыру тәсілдерін табуға көмектеседі.

Өзін-өзі бағалау – өз әрекеттері мен дамуына баға беру, оларды сыни көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті, өз тәжірибесін кәсіби қызметпен байланыстыру әрекеттері оқушыда рефлексия дағдысы қалыптасқандығын көрсетеді. Өзін-өзі бағалау және сыныптастарын бағалау оқушыларға ойлайтын және оқитын тұлға ретінде өзінің білімін, ағымдағы тапсырмаларды түсінуге, оқыту үдерісін жақсартудың жолдарын сезінуге мүмкіндік бере отырып, оқыту үдерісінде жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Ол өзін өзі сыйлау сезімін, оқу үшін өзінің ынталануы мен жеке жауапкершілігін арттыруға үлес қосады.

Өзін-өзі бағалау жұмысын кестелер арқылы жүзеге асыру да тиімді болар еді. Мысалы: оқушының өзін-өзі бағалау кестесі, өзінің пікірталасқа қатысуын бағалау кестесі, топтық жұмыстарды бағалау кестесі, «ойды қорытындылау» тәсілін бағалау кестесі және топ жұмысын бағалау кестесін құру және т.б..

Ал, критерийлер құру арқылы бағалауда оқушы ізденеді, талпынады, ойланады және ұмтылады, яғни оқуды жақсарту үшін өзара әрекеттесе отырып жұмыстарын өзара бағалауға үйренеді. Оқушылар ұсынылған критерийлерді түсінбей қалмас үшін бағалау критерийлерін түсіндіріп, талқылауды ескерулері тиіс. Оқушылар өзінің жеке жұмысына немесе бір-бірінің жұмысына жай ғана баға қойғаннан гөрі, өзара бағалаудың, өзін-өзі бағалаудың маңызы зор. Ондағы мақсат — оқушыларға өз жұмыстарының сапасын көтеруге қызықтыру және оны жақсартудың мүмкіндіктерін талдауға көмектесу болып отыр.

Өзара бағалау оқушыларға бір-бірін қолдайтындай, қажетті кері байланысты орнатуға көмектеседі, ол оқушыларға сөйлесу, талқылау, түсіндіру және бір-бірін сыни бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тиімді жасалған өзара бағалау алдағы уақытта оқу кезеңінде оқушылардың одан әрі алға ұмтылуға деген жауапкершіліктерін дамытуға көмектеседі.

Өзін-өзі бағалау стратегияларының жалпы сипаты – белгілі бір критерийлердің болуында. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау нақты критерийлерді қажет етеді. Олар:

- не тексерілуге тиіс екенін түсіну;
- оқушыларға өзінің жұмыстарын қайта қарауға мүмкіндік беру;
- оқушыларға өздерінің жеке мақсаттарын анықтауға және өз жұмыстарын жақсарту үшін не істеу керектігін анықтауға көмектесу үшін керек.

Бұлар өз кезегінде оқушылар жұмыстарының сапасын арттырады және жұмыстарын әрі қарай дамытуына жол ашады. Өзара бағалау нәтижесінде оқушылардың адал бағаға көздері жетіп, бәсекелестік тудырып, өз деңгейлерінің жоғары болуына талпынады, келесі жолы қате жібермей, жіберген қателерінің дұрыс жауабына көңіл қояды, білім алуға ұмтылады. Сондықтан да сабақта бағалаудың әр түрін қолдану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын.

Солтүстік Қазақстан облысы

Шал ақын ауданы

Сергеевка Қаласы

Шал ақын ауданының қазақ орта мектебінің ДҒІЖО Шаниева Г.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.